

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы « 25 » қаңтардағы  
№ 44 қаулысына  
қосымша

Стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оңалтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау қағидаларына  
2-қосымша

**Тиісті саланың уәкілетті органының  
салалық қорытындысы**

1) отандық, шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың үлесін айқындауды қоса алғанда, саланың қазіргі жай-күйін бағалау ;

2) иеліктен шығарылатын объект құнының негізділігі ;  
(стратегиялық объектінің құны (оның нарықтық құнын айқындайтын бағалау туралы есепке сәйкес)

3) стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару бойынша жасалатын азаматтық-құқықтық мәміленің негіздемесі ;

4) стратегиялық объектіні сатып алушының құрылымын нақ осы саладағы үлестес тұлғаларымен өзара байланыста бағалау ;

5) стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару бойынша азаматтық-құқықтық мәміле жасасудан күтілетін болжамды әсерді бағалау ;

(үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару бойынша азаматтық-құқықтық мәміле жасасудың артықшылықтары мен кемшіліктері)

6) стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару бойынша азаматтық-құқықтық мәміле жасалған жағдайда болжамды тәуекелдерді (Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қауіп-қатерлерді) бағалау

---

(болжамды тәуекелдердің алдын алу жөніндегі шаралар)

7) тәуекелдер (Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қауіп-қатерлер) болмаған жағдайда тиісті есеп-қисаптар мен негіздемелер

8) жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға тиесілі стратегиялық объектіні сатып алуға Қазақстан Республикасының басым құқығын қолданудың орындылығы \_\_\_\_\_.

(меншік иесі жеке тұлға немесе мемлекеттік емес заңды тұлға болған жағдайда толтырылады)

---